

**«№7 Хромтау мектеп – гимназиясы» КММ
«Жас Ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы**

Мерзімі: «16» қыркүйек 2023 жыл

Хаттама №1

Күн тәртібінде:

1. 2023 – 2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру
2. Ұлан басшысын және фракция мүшелерін сайлау
3. «Тілім – тұмарым» тақырыбында Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне әзірлік жұмыстары
4. «Бақытты отбасы» бастауыш сыныптарына көрме ұйымдастыру

Аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелеріне 2023 – 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп президентіне үміткерлерді атап өтті. Олар: Аманқос Аңсаған, Нағашыбай Алина, Аманбай Асылай, Мергенова Айым, Арыстан Асем, Қайырбай Темірлан, Жомартов Қуанған.

Үшінші мәселе бойынша «Тілім – тұмарым» тақырыбында Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне орай іс – шара бағдарламасымен таныстырып өтті. Іс-шара бағдарламасы бойынша тапсырмалар бөлініп берілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Бақытты отбасы» тақырыбында бастауыш сыныптарына көрме ұйымдастыру тапсырмасы берілді.

Шешімі: Мектеп президентін сайлауға 8-11 сынып оқушылары толық дауыс беруге қатыстырылсын. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері өздеріне берілген жұмыстарды жоспарға сай тиянақты орындап, жауапкершілікпен жұмыстансын.

Аға тәлімгер:



Л.С.Айтмағанбет

**«№7 Хромтау мектеп – гимназиясы» КММ
«Жас Ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы**

Мерзімі: «20» 09 2023 жыл

Хаттама №2

Күн тәртібінде:

1. «Жас Ұлан» ұйымының фракция мүшелерін тағайындау
2. Мектептің ішкі тәртібін қадағалау
3. Ұйымның келе жатқан аптада өтетін шарасы туралы талқылау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет 9-10 сынып оқушылары арасынан «Жас Ұлан» ұйымының фракция мүшелерін сайлады. «Өзін өзі тану және бақыт», «қамқорлық», «дебат», «құқық және тәртіп», «ақпарат», «спорт және салауатты өмір салты», «мәдениет», «экология және еңбек» фракцияларының мүшелеріне өз міндеттері жүктелді.

Екінші мәселе бойынша «құқық және тәртіп» фракция мүшелері мектептің ішкі ережелерін қатаң түрде сақталуын қадағалау және оқушылардың мектеп формаларын қадағалау сонымен қатар сабаққа кешігіп келген оқушыларға ескерту беру.

Үшінші мәселе бойынша аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет сөз сөйледі. Ол өткен аптаны қорытындылап, алдағы аптаның жоспарымен таныстырды.

Шешімі: Мектептегі тәртіп қатаң бақылауға алынсын. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын интеллектуалды ойындар жиі өткізілсін.

Оқушылардың сабақты себепсіз қалдырмауы, кешігіп келмеуі қатаң бақылауға алынсын.

Аға тәлімгер:



Л.С.Айтмағанбет

**«№7 Хромтау мектеп – гимназиясы» КММ
«Жас Ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы**

Мерзімі: «30» 09 2023 жыл

Хаттама №3

Күн тәртібінде:

1. Қазан айының жоспарымен таныстыру.
2. «Асыл әжем-ғасыр әжем» тақырыбында әжелер сайысын өткізу.
3. «Ұстаз аты – мәңгілік, жадымда тұрар жаңғырып» ұстаздар мерекесін атап өту.
4. Ұстаздар күніне орай «Дублер күні».

Кеңес отырысында мектептің аға тәлімгері Л.С.Айтмағанбет қазан айына арналған жоспармен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша бастауыш сынып оқушылары және әжелерімен бірге әжелер сайысын өткізу тапсырмасы берілді. Ұстаздар мерекесіне арналған іс-шара бағдарламасымен таныстырып өтті. Іс – шара бағдарламасы бойынша тапсырмалар берілді. Берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалау Ұланбасы Нағашыбай Алинаға жүктелінді. Ұстаздар күніне іс-шара өтетін орынды безендіру фракция мүшелеріне жүктелінді. Төртінші мәселе бойынша ұстаздар күніне орай «дублер күніне» 10 – 11 сынып оқушылары сабақ өткізу керектігін айтып өтті.

Шешімі: Қарттар күніне және ұстаздар күніне арналған іс – шаралардың уақытында өткізілуі ұланбасы Нағашыбай Алинаға жүктелінсін. Жоспар бойынша жұмыстардың уақытылы және қарқынды жүргізілуін қолға алатын болып шешім қабылданды.

Аға тәлімгер:



Л.С.Айтмағанбет

**«№7 Хромтау мектеп – гимназиясы» КММ
«Жас Ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы**

Мерзімі: «13» 10 2023 жыл

Хаттама №4

Күн тәртібінде:

1. Ұстаздар күніне орай өткізілген іс – шараны талқылау
2. Алдағы аптадағы өткізілетін іс – шаралармен таныстыру
3. Қыркүйек айының қорытындысын шығару

1. Бірінші мәселе бойынша Аманқос Аңсаған мен Темірхан Аянат сөз сөйледі. Олар шараны қорытындылап, барысын айтып өтті. Шараға жоғарғы сыныптар қатысқанын айта өтті. Шараның безендірілгенін айтты. Дублер күнің оқушылар жоғары деңгейде өткізгендігі туралы айтты. Аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет барлығын тыңдап осы сұрақ бойынша қорытынды айтты.

2. Екінші мәселе бойынша аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет алдағы аптада өтетін іс – шаралармен таныстырып жұмыстар жүктеді.

3. Үшінші мәселе бойынша ұланбасы Нағашыбай Алина сөз сөйледі. Қыркүйек айында өткізген іс – шараларды қорытындылай келе қабырға газетін шығаруды ұсынды. Ол қабырға газетінде қыркүйек айында өткізген шаралардан үзінділерді алуды айтты.

Шешімі: Ұстаздар күніне орай белсене қатысқан оқушыларды алғыс хатпен марапатталсын. Қабырға газеті шығарылсын. Қыркүйек айын қорытындылап белсенділер марапатталсын.

Аға тәлімгер:



Л.С.Айтмағанбет

**«№7 Хромтау мектеп – гимназиясы» КММ
«Жас Ұлан» және «Жас қыран» бірінғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы**

Мерзімі: «19» 10 2023 жыл

Хаттама №5

Күн тәртібінде:

1. Күз мезгіліндегі мерекелерді жоспарлап, ұйымдасты
2. «Елім менің» патриоттық ән байқауы
3. Қараша айының жоспарымен таныстыру

1. Бірінші мәселе бойынша аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет сөз сөйледі. Күз мезгіліне орай бастауыш сыныптар, 5-7 сыныптар және 8-11 сыныптар арасында «Алтын күз – 2023» сайыстарын өткізу, шараның өтетін орындардың безендірілуі талқыланды. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне іс шара бағдарламасы бойынша тапсырмалар берілді.
2. Екінші мәселе бойынша «мәдениет» фракция мүшелеріне орта буын оқушылары және басуыш сынып оқушылары арасында патриоттық ән байқауын өткізіп инстарамм парақшасына жүктеу тапсырмасы берілді.
3. Үшінші мәселе бойынша аға тәлімгер Л.С.Айтмағанбет қараша айының жоспарымен өткізілетін іс – шаралармен таныстырды.

Шешімі: «Алтын күз – 2023» сайысы және патриоттық ән байқауы уақытылы өтілуі ұланбасы Нағашыбай Алинаға жүктелінсін. Жоспар бойынша алдағы уақытта қарқынды жұмыс жүргізілуін қолға алатын болып шешім қабылданды.

Аға тәлімгер:



Л.С.Айтмағанбет